№1 қосымша

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
Басқармасының сырттай отырысының
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Астана қ. №49/13 2013 жылғы 10 қыркүйек

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ) (оның Басқармасының) орналасқан жері: Астана қ., Қонаев көшесі, 8, «Б»-блогы.

Шешім қабылдау үшін кворум бар.

Отырыстың күн тәртібі:

2. «Самұрық-Қазына» АҚ және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібінің жаңа редакциясын бекіту туралы;

Күн тәртібінің **екінші** мәселесі бойынша:

Басқарма «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына, «Самұрық-Қазына» АҚ Жарғысының 73-тармағының 8) тармақшасына сәйкес **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 2 қазандағы шешімімен (№39/12 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібінің күші жойылды деп танылсын.
2. Қоса берілген «Самұрық-Қазына» АҚ және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібі осы шешімге қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Тәртіп акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін міндетті болып табылады.

Басқарма хатшысы С. Оқасов

«Самұрық-Қазына» АҚ және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібі

Астана, 2013

Мазмұны

1. Жалпы ережелер 3
2. Бірыңғай комиссия 5
2.1 Бірыңғай комиссияның өкілеттігі мен функциялары 5
2.2 Бірыңғай комиссияның құрамы 6
2.3 Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімі 6
3. Тапсырыс берушінің Комиссиясы 8
3.1 Тапсырыс беруші Комиссиясының өкілеттігі мен функциялары 8
3.2 Тапсырыс беруші Комиссиясының құрамы 8
3.3 Тапсырыс берушінің комиссиясы жүзеге асыратын таңдау рәсімі 9
4. Қатысушылардың ұсыныстарын қарау және Аудиторды таңдау рәсімінің қорытындысы 10
5. Аудиторлық ұйымдарға қойылатын міндетті талаптар 11
1-қосымша. Таңдау рәсіміне қатысуға Сұрау салу (үлгілік) 12
2-қосымша. Бағалау парағы 14
3-қосымша. Бағалау өлшемдерінің тізбесі (үлгілік) 15
4-қосымша. Ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптар (үлгілік) 18

1. Жалпы ережелер

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - **Қор**) және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасының қолдануға болатын заңнамасына және Тапсырыс берушілердің (бұдан әрі – **Уәкілетті орган**) жарғысына сәйкес Тапсырыс берушілер үшін аудиторлық ұйымды белгілеуге уәкілетті Тапсырыс берушілердің тиісті органдарына ұсынымдарды әзірлеу мақсатында аудиторлық ұйымды таңдау қағидаттарын белгілейді және таңдау рәсімдерін сипаттайды.

Тәртіп Қордың Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 26 мамырдағы №80 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларының (бұдан әрі – **Сатып алу қағидалары**) ережелеріне сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алу алдындағы Тапсырыс берушілер үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін өткізуді көздейді.

Осы Тәртіптің ережелері Қазақстан Республикасынан тыс тіркелген, акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдарға қолданылмайды.

Тәртіп Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына, Сатып алу қағидаларына және Қордың басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

1. Тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

Аудитор – «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына және/немесе Тапсырыс берушілердің жарғыларына сәйкес Тапсырыс берушіні аудиторлық ұйым ретінде белгілеу үшін Уәкілетті органға ұсынылған аудиторлық ұйым. Оның көрсетілетін қызметтерін сатып алу Сатып алу қағидаларына сәйкес Уәкілетті органның шешімімен бір көзден жүзеге асырылады.

Еншілес ұйым – ХҚЕС 10 сәйкес еншілес ұйым ретінде белгіленген Қордың, Ірі компанияның немесе Компанияның еншілес ұйымы;

Бірыңғай комиссия – Тәртіптің 2-бөліміне сәйкес олардың еншілес ұйымдарын қоса алғанда, Тізбеге кіретін Қор және Ірі компаниялар үшін Таңдау рәсімін жүзеге асыратын және Уәкілетті органға ұсынымдар беретін Холдингтің консультативтік-кеңесші органы;

Тапсырыс беруші – оларға қатысты Таңдау рәсімі жүзеге асырылатын Қор, Ірі компания немесе Компания;

Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салу –Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуды дайындау үшін Қатысушыға ұсынылатын, Таңдау рәсімін (1-қосымша) жүргізу шарттары мен тәртібі туралы барлық қажетті және Бірыңғай комиссия (Тапсырыс берушінің комиссиясы) бекіткен талаптарды, өлшемдерді, мәліметтерді қамтитын құжат. Таңдау рәсіміне қатысуға бекітілген сұрау салу Таңдау рәсімін қайта өткізу үшін өзгеруі мүмкін.

Тапсырыс берушінің комиссиясы – олар бойынша Аудиторды таңдауды Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын компанияларды қоспағанда, Холдингке кіретін Компаниялардың әрқайсысына Аудиторды таңдау мақсатында құрылатын Тапсырыс берушінің комиссиясы;

Аудит жөніндегі комитет – компанияның Директорлар кеңесі құзыретінің аясына кіретін немесе атқарушы органның қызметін бақылау және Директорлар кеңесі мен компанияның атқарушы органына қажетті ұсынымдар әзірлеу тәртібімен компанияның Директорлар кеңесі зерттейтін мәселелерді тереңдете пысықтау мақсатында құрылған компанияның Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы;

Компания – Ірі компания болып табылмайтын акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қорға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұлттық компания немесе басқа заңды тұлға;

1-деңгейдегі компания - акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қорға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей тиесілі ұлттық компаниялар және басқа да заңды тұлғалар;

Жанама тиесілілік – өзге заңды тұлғаның акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызының меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында әрбір кейінгі заңды тұлғаға тиесілілігі;

«Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары» (ҚЕХС), «Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары» (БЕХС) - Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі комитет бекіткен қаржылық есептіліктің стандарттары;

Тізбе – Ірі компаниялардың тізімі;

Қор активтерінің құрылымындағы өзгерістерге байланысты, тізбе жыл сайын жаңартылады. Тізбені жыл сайын жаңарту Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімінің басталуына дейін жүргізіледі;

Холдингтің сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің (жеткізушілерінің) тізбесі - Холдингтің сенімсіз әлеуетті жеткізушілері (жеткізушілері) туралы жүйеленген мәліметтер;

Таңдау рәсімі –Тапсырыс беруші үшін Аудиторды таңдауды жүзеге асыру бойынша осы Тәртіпке сәйкес жүргізілетін әрекеттер;

Жұмыс органы – функционалдық міндеттеріне сәйкес Таңдау рәсімін ұйымдық қамтамасыз етуге жауапты Қордың, Ірі компанияның немесе Компанияның құрылымдық бөлімшесі;

Активтердің құны – Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі активтердің жиынтық құны;

Ірі компания – Қордың Басқарма төрағасының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары немесе Қордың Жұмыс органының ұсынысы негізінде қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директор белгілейтін 1-деңгейдегі компания.

1-деңгейдегі компанияларды Ірі компаниялар деп тану үшін өлшемдер мынадай:

1) соңғы есепті күнге Активтердің құнындағы 1-деңгейдегі компаниялар активтерінің үлесі;
2) 1-деңгейдегі компаниялардың активтері мен міндеттемелерінің құрылымы;
3) 1-деңгейдегі компаниялардың еншілес ұйымдарының саны;
4) 1-деңгейдегі компаниялардың корпоративтік басқару деңгейі;
5) Қатысушылардың шектелген тізімінің Таңдау рәсімін жүргізу қажеттілігі;
6) Бірыңғай комиссия мүшелері 1-деңгейдегі компанияны Ірі компаниялар тізіміне енгізуге ұсынған өзге де өлшемдер.

Қатысушы – аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алу туралы шартты жасауға талап білдіретін және Тәртіпке сәйкес Таңдау рәсіміне қатысатын аудиторлық ұйым;

Холдинг – Қордың, Ірі компаниялардың және компаниялардың жиынтығы.

2. Аудиторды таңдау мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:
   1) Қаржылық есептілік аудитінің сапалы қызметтерін және ілеспе қызметтерді сатып алу;
   2) Таңдау процесінің, бақылаудың және қабылданатын шешімдер үшін жауаптылықтың ашықтығы;
   3) Мүдделер қақтығысының болмауы және тәуелсіздікті сақтау;
   4) Аудит қызметтерін сатып алуға бөлінген қаражатты тиімді жұмсау;
   5) Барлық Қатысушыларға тең мүмкіндіктер беру;
   6) Қатысушылар арасындағы адал бәсекелестік.

2. Бірыңғай комиссия

2.1. Бірыңғай комиссияның өкілеттіктері мен функциялары

3. Бірыңғай комиссия Аудиторды таңдаудың стратегиясын айқындайды және Қор мен Тізбеге кіретін Ірі компаниялардың әрқайсысы үшін Таңдау рәсімін жүзеге асырады.

4. Бірыңғай комиссия Қатысушылар – қаржылық есептілік аудиті саласындағы халықаралық тәжірибеге қол жеткізу, сондай-ақ капитал нарығының талаптарын орындау мақсатында жаһандық ұйымдар желісі бар халықаралық аудиторлық ұйымдар және/немесе аффилирленген тұлғалар арасында Таңдау рәсімін жүзеге асырады. Аталған тізімді Ірі компаниялардың ұсыныстарын ескере отырып, Бірыңғай комиссия бекітеді.

5. Тізбеге кіретін және еншілес ұйымдары бар Ірі компаниялар ұсынылған ұйымдардың бүкіл тізімі үшін бірыңғай аудиторды таңдау мақсатында өзінің бір немесе бірнеше Еншілес ұйымдары үшін Таңдау рәсімін бір мезгілде бірлесіп жүргізуге негізделген сұрау салумен Бірыңғай комиссияға жүгінуге құқылы.

6. Аудиторды таңдау стратегиясын іске асыру мақсатында Бірыңғай комиссия мыналарға:

1) Тәртіптің 5-тармағында көрсетілгендей, Қор және Еншілес ұйымдарын қоса алғанда, Тізбеге кіретін Ірі компаниялардың әрқайсысы үшін Аудитор таңдалатын нақты мерзімді айқындауға құқылы. Аудиторды 3 жылдан аспайтын мерзімге таңдауға болады.

2) Қор мен Тізбеге кіретін Ірі компанияларды олар бойынша бірыңғай Таңдау рәсімін өткізу және бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында біріктіруге құқылы. Егер Ірі компанияның шоғырландырылған активтер үлесі Активтердің соңғы есепті күніндегі құнының кемінде қырық пайызын құрайтын болса, Қор мен Ірі компаниялар бірігеді. Біріккен кезде және Қор мен Ірі компаниялар үшін бірлескен Таңдау рәсімі жүргізілген кезде Тәртіптің 9-тармағына сәйкес барлық мүдделі тараптардың өкілдері бар Бірыңғай комиссия құрылады. Бірігу және Қор мен Ірі компаниялар үшін бірлескен Таңдау рәсімін жүргізу туралы шешім Бірыңғай комиссия отырысында қабылданады. Бұл шешім Тәртіптің 12-тармағының д) тармақшасына сәйкес ақпаратты әлеуетті Қатысушыларға таратқанға дейін қабылданып, Бірыңғай комиссия отырысының хаттамасымен ресімделуі тиіс;

3) Тізбеге кіретін бірнеше Ірі компания бойынша бірыңғай Таңдау рәсімін жүргізу және олар үшін бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында оларды біріктіруге құқылы. Біріктіру және бірнеше Ірі компаниялар үшін бірлескен Таңдау рәсімін жүргізу туралы шешім Бірыңғай комиссия отырысында қабылданады. Бұл шешім Тәртіптің 12-тармағының д) тармақшасына сәйкес ақпаратты әлеуетті Қатысушыларға таратқанға дейін қабылданып, Бірыңғай комиссия отырысының хаттамасымен ресімделуі тиіс;

4) бір топтың құрамына кіретін барлық компаниялар үшін бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында Ірі компания мен оның еншілес ұйымдарын бір немесе бірнеше топтарға біріктіруге құқылы.

2.2 Бірыңғай комиссияның құрамы

7. Қор үшін Аудиторды таңдаған жағдайда, Бірыңғай комиссияның төрағасы Қордың Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы болып табылады, Бірыңғай комиссия мүшелері мыналар:

1) Қордың Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері мен сарапшылары;

2) Қордың Басқарма төрағасының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары;

3) Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директоры болып табылады.

8. Ірі компания үшін Аудиторды таңдаған жағдайда, Қордың Басқарма төрағасының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары немесе Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директоры Бірыңғай комиссия төрағасы, Бірыңғай комиссия мүшелері:

1) Қордың Басқарма төрағасының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары Бірыңғай комиссияның төрағасы болған жағдайда, Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директоры;

2) Ірі компанияның Аудит жөніндегі комитет мүшелері;

3) Ірі компанияның бірінші басшысының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

9. Тәртіптің 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендей, Бірыңғай комиссия төрағасы Қордың Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы болған жағдайда, Бірыңғай комиссия мүшелері:

1) Қордың Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері мен сарапшылары;

2) Қордың Басқарма төрағасының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары;

3) Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директоры;

4) Ірі компанияның (Ірі компаниялардың) Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері;

5) Ірі компанияның бірінші басшысының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

10. Тәртіптің 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілгендей, Бірыңғай комиссияның төрағасы Қордың Басқарма төрағасының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары немесе Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директоры болған жағдайда, Бірыңғай комиссияның мүшелері:

1) Бірыңғай комиссия төрағасы Қордың Басқарма төрағасының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары болған жағдайда, Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директоры;

2) Ірі компаниялардың Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері;

3) Ірі компаниялардың бірінші басшыларының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарлары болып табылады.

11. Бірыңғай комиссияның дербес құрамын Тәртіпке сәйкес Бірыңғай комиссияның төрағасы бекітеді.

Бірыңғай комиссияның өкілеттігі Бірыңғай комиссияның құрамы бекітілген сәттен бастап басталады. Бірыңғай комиссияның отырысын өткізу үшін кворум Бірыңғай комиссия мүшелері санының тең жартысынан кем болмауы тиіс.

2.3. Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімдері

12. Бірыңғай комиссия жүзеге асыратын Таңдау рәсімдері келесі бірізді кезеңдердің жүргізілуін көздейді:

а) Қор мен Тізбеге кіретін Ірі компаниялар аудит жүргізу қажеттілігіне дейінгі кезең алдындағы жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей, Жұмыс органына Таңдау рәсімін өткізуге өтінім береді, оған қоса мыналарды:

1) Тәртіптің 5-тармағында көрсетілген жағдайлар үшін – негіздемесі бар өзінің Еншілес ұйымдарының тізімін;

2) Таңдау рәсіміне қатысуға Сұрау салудың жобасын (1-қосымша), қажет болған жағдайда ағылшын тілінде;

б) Жұмыс органы бір ай ішінде Қор мен Тізбеге кіретін барлық Ірі компаниялардан алынған ақпаратты талдайды және жинақтайды, Қор мен Ірі компаниялардың өтінімдерін қоса жиынтық өтінімді Бірыңғай комиссия мүшелеріне жібереді;

в) Бірыңғай комиссия Қор мен Еншілес ұйымдарын көрсете отырып, Тізбеге кіретін Ірі компанияның әрқайсысы бойынша Таңдау рәсімін жүргізу жөнінде жоспар-кестені бекітеді. Бірыңғай комиссия еншілес ұйымдар бойынша таңдауды Тәртіптің 5-тармағына сәйкес жүзеге асырады;

г) Бірыңғай комиссия әрбір жеке Таңдау рәсімі бойынша Қатысушылар тізімін, сондай-ақ Таңдау рәсіміне қатысуға Сұрау салуды бекітеді;

д) Жұмыс органы Таңдау рәсімін өткізу туралы ақпаратты бекітілген тізімге сәйкес барлық әлеуетті қатысушыларға жібереді. Қажет болған жағдайда, Таңдау рәсімінің шарттарын түсіндіру үшін әлеуетті Қатысушылармен кездесулер өткізіледі, нәтижесінде Жұмыс органы Қатысушылардан Таңдау рәсіміне қатысу немесе қатысудан бас тарту туралы ресми растауды алады және Қатысушылардың соңғы тізімін жасайды;

е) Жұмыс органы Таңдау рәсіміне қатысуын растаған Қатысушыларға Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуды ұсынады. Қажет болған жағдайда, Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салу Тапсырыс беруші мен Қатысушы арасында құпиялылық туралы келісімге қол қойылғаннан кейін беріледі.

ж) одан әрі Қатысушылар Жұмыс органына Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуда көрсетілген мерзімде және талаптарға сәйкес қызмет көрсетуге ресми конкурстық ұсыныстарын ұсынады;

з) Жұмыс органы Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстарын тіркейді, одан кейін Бірыңғай комиссия мүшелеріне таратуды жүзеге асырады,

сондай-ақ Бірыңғай комиссия мүшелерімен келісіп, Қатысушылар ұсыныстарымен ауызша таныстыруды өткізуі үшін Бірыңғай комиссияның Қатысушылармен кездесу кестесін жасайды;

и) Бірыңғай комиссия ауызша таныстыру қорытындысы бойынша барлық Қатысушылардың ортақ талқылауын жүргізеді, оның нәтижесінде белгіленген нысандағы (2-қосымша) бағалау парақтары толтырылады және бірініші, екінші, үшінші орындарға ие болған Қатысушылар айқындалады. Қатысушыларды бағалау үшін Бірыңғай комиссия үлгілік сұрақтар ретінде Бағалау өлшемдер тізбесін (3-қосымша) пайдалануы мүмкін;

к) қажет болған жағдайда, Бірыңғай комиссия шешімімен қорытынды талқылау үшін Қатысушылар тізімі дайындалады, оған Бірыңғай комиссия мүшелерінің ең көп даусын алған Қатысушылар кіреді. Бірыңғай комиссия таңдауға елеулі әсер ететін немесе қызметтердің құнын төмендетуге мүмкіндік беретін қосыша факторларды анықтау үшін қорытынды талқылау үшін Қатысушылардың тізіміндегі Қатысушылармен қайта кездесу өткізеді. Қайта кездесулер қорытындысы бойынша бағалау парақтары түзетілуі және Бірыңғай комиссия мүшелері бірініші, екінші, үшінші орындарға ие болған Қатысушыларды жаңадан айқындауы мүмкін. Кездесуге қатысқан Бірыңғай комиссия мүшелерінің көпшілік даусын жинаған Қатысушы Жеңімпаз болып болып есептеледі. Дауыстар тең болған кезде, Бірыңғай комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады;

л) Жұмыс органы Таңдау рәсімі туралы хаттаманы ресімдейді, оның көшірмесін Бірыңғай комиссияның отырысы өткеннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде Ірі компания болып табылатын Тапсырыс берушіге жібереді.

3. Тапсырыс берушінің Комиссиясы

3.1 Тапсырыс беруші комиссиясының өкілеттіктері мен функциялары

13. Тапсырыс берушінің Комиссиялары Таңдау рәсімдерін Бірыңғай комиссия жүзеге асырмаған жағдайда құрылады.

14. Еншілес ұйымдары бар Компаниялар ұсынылған ұйымдардың бүкіл тізімі үшін бірыңғай аудиторды таңдау мақсатында, өзінің бір немесе бірнеше Еншілес ұйымдары үшін Таңдау рәсімін бір мезгілде бірлесіп жүргізуге негізделген сұрау салумен Тапсырыс берушінің Комиссиясына жүгінуге құқылы.

15. Аудиторды таңдау стратегиясын іске асыру мақсатында Тапсырыс берушінің Комиссиясы мыналарға:

1) Еншілес ұйымдарын қоса алғанда, әрбір Компания үшін Аудитор таңдалатын нақты мерзімді айқындауға құқылы. Аудиторды 3 жылдан аспайтын мерзімге таңдауға болады.

2) бір топ құрамына кіретін барлық компаниялар үшін бірыңғай Аудиторды таңдау мақсатында, Компанияны және оның Еншілес ұйымдарын бір немесе бірнеше топтарға біріктіруге құқылы.

Тапсырыс берушінің Комиссиясы тиісті Тапсырыс беруші үшін Таңдау рәсімін Қатысушылардың шектелмеген тізімінен жүзеге асырады.

3.2. Тапсырыс беруші Комиссиясының құрамы

16. Тапсырыс беруші Комиссиясының төрағасы Ірі компанияның немесе Тапсырыс берушінің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тиесілі Компанияның басшысы немесе бірінші басшысының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары болып табылады. Еншілес ұйымдары бар Компания Тәртіптің 14-тармағына сәйкес бірлескен Таңдау рәсімін жүзеге асырған жағдайда, Тапсырыс беруші Комиссиясының төрағасы сол Компанияның дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тиесілі Компанияның басшысы немесе бірінші басшысының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

Егер Таңдау рәсімі 1-деңгейдегі компаниялар үшін жүзеге асырылған жағдайда, Тапсырыс беруші Комиссиясының төрағасы Қордың Басқарма төрағасының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары немесе Қордың қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басқарушы директоры болып табылады.

17. Келесілер:

1) Компанияның Директорлар кеңесінің/Қадағалау кеңесінің мүшесі Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшелері болып табылады. Еншілес ұйымдары бар Компания Тәртіптің 14-тармағына сәйкес бірлескен Таңдау рәсімін жүзеге асырған жағдайда, Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшесі сол Компанияның Директорлар кеңесінің/Қадағалау кеңесінің мүшесі;

2) Компанияда Аудит жөніндегі комитет бар болған жағдайда, Компанияның Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері (Директорлар кеңесінің немесе Қадағалау кеңесінің мүшесі бір мезгілде Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі болып табылған жағдайда, Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің немесе Қадағалау кеңесінің қосымша мүшесінің қажеттілігі жоқ) болып табылады. Еншілес ұйымдары бар Компания Тәртіптің 14-тармағына сәйкес бірлескен Таңдау рәсімін жүзеге асырған жағдайда, Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшелері сол Компанияның Аудит жөніндегі комитетінің мүшелері;

3) Компанияның бірінші басшысы немесе бірінші басшысының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшесі болып табылады. Еншілес ұйымдары бар Компания Тәртіптің 14-тармағына сәйкес бірлескен Таңдау рәсімін жүзеге асырған жағдайда, Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшесі сол Компанияның бірінші

басшысы немесе бірінші басшысының қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

18. Тапсырыс беруші Комиссиясының дербес құрамын Компанияның бірінші басшысы Тәртіпте белгіленген құрамда бекітеді. Еншілес ұйымдары бар Компания Тәртіптің 14-тармағына сәйкес бірлескен Таңдау рәсімін жүзеге асырған жағдайда, Тапсырыс беруші Комиссиясының дербес құрамын сол Компанияның бірінші басшысы бекітеді.

19. Таңдау рәсімінің бірінші және екінші кезеңдерін өткізу үшін кворум Тапсырыс берушінің Комиссия мүшелерінің тең жартысынан кем болмауы тиіс.

3.3. Тапсырыс берушінің Комиссиясы жүзеге асыратын Таңдау рәсімі

20. Тапсырыс берушінің Комиссиясы жүзеге асыратын Таңдау рәсімі екі кезеңде өткізіледі.

21. Бірінші кезеңді іштей де сырттай да өткізуге болады және онда мынадай ретті кезеңдер көзделеді:

а) Тапсырыс беруші Таңдау рәсіміне қатысу үшін сұрау салудың жобасын (қажет болған жағдайда ағылшын тілінде) дайындайды;

б) Тапсырыс берушінің Комиссиясы Таңдау рәсіміне қатысу үшін сұрау салуды бекітеді;

в) Жұмыс органы Қатысушылар Таңдау рәсіміне қатысуға өтінімдерін ұсынатын соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын Таңдау рәсімін өткізу туралы хабарламаны республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Тапсырыс берушінің веб-сайтындағы «Сатып алулар» тарауында орналастырады. Хабарламада Тапсырыс берушінің немесе Тапсырыс берушілердің атауы, электрондық және почта мекенжайлары; аудиторлық қызметтердің көлемі; Таңдау рәсіміне қатысуға Сұрау салудың электрондық көшірмесін алу орны мен тәсілі; Таңдау рәсіміне қатысуға Сұрау салуды ұсыну орны мен соңғы мерзімі, сатып алу сомасы көрсетіледі. Жұмыс органы Таңдау рәсімін өткізу туралы хабарламаны орналастыру фактісін және мерзімін растайтын құжатты сақтайды және тиісті сұрау салу болған кезде, Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшелеріне ұсынады.

г) Жұмыс органы Таңдау рәсіміне қатысуға Сұрау салуды әлеуетті Қатысушыларға ұсынады. Қажет болған жағдайда, Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салу Тапсырыс беруші мен Қатысушы арасында құпиялылық туралы келісімге қол қойылғаннан кейін беріледі.

д) Қатысушылар Жұмыс органына Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуда көрсетілген мерзімде және талаптарға сәйкес қызмет көрсетуге ресми конкурстық ұсыныстарын ұсынады;

е) Жұмыс органы Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстарын тіркейді;

ж) Тапсырыс беруші Комиссиясының мүшелері Қатысушылардың ресми конкурстық ұсыныстарын қарайды, қарау нәтижесінде белгіленген нысандағы (2-қосымша) бағалау парақтарын толтырады және Таңдау рәсімінің екінші кезеңіне қатысу үшін бірініші, екінші, үшінші орындарға ие болған Қатысушыларды көрсетеді. Қатысушыларды бағалау үшін Бірыңғай комиссия үлгілік сұрақтар ретінде Бағалау өлшемдер тізбесін (3-қосымша) пайдалануы мүмкін;

з) Жұмыс органы Тапсырыс берушінің Комиссия мүшелерінің сол немесе басқа Қатысушыға берген дауыс саны негізінде жиынтық бағалау есебін жүзеге асырады. Одан кейін бірініші, екінші, үшінші орындарға ие болған Қатысушылар таңдалады. Дауыстар тең болған жағдайда, Тапсырыс беруші Комиссиясының даусы шешуші болып табылады.

Бірінші кезеңнің нәтижелері хаттамамен ресімделіп, бірінші кезең аяқталғаннан кейін 4 жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Комиссиясының барлық мүшелеріне танысу үшін жіберілуі тиіс. Бірінші кезеңнің аяқталуы бірінші кезеңнің хаттамасы толтырылған күні деп есептеледі.

Егер 4 Қатысушыдан кем ресми конкурстық ұсыныстар түскен жағдайда, Таңдау рәсімінің бірінші кезеңі жүзеге асырылмайды, Тапсырыс берушінің Комиссиясы Таңдау рәсімінің екінші кезеңін өткізеді.

22. Екінші кезең іштей жүргізілуі тиіс және мынадай ретті қадамдарды жүргізуді көздейді:

а) Жұмыс органы бірініші, екінші, үшінші орындарға ие болған Қатысушылар ұсыныстарымен ауызша таныстырулары үшін Бірыңғай комиссияның Қатысушылармен кездесу кестесін жасайды;

б) ауызша таныстыру қорытындысы бойынша Тапсырыс берушінің Комиссиясы барлық Қатысушылардың, оның ішінде Тапсырыс берушінің Комиссия мүшелерінің Қатысушыларға қатысты Таңдау рәсімінің бірінші кезеңінде айтылған (бар болса) теріс (ерекше) пікірінің ортақ талқылауын жүргізеді. Талқылаудан кейін Тапсырыс берушінің Комиссия мүшелері белгіленген нысандағы (2-қосымша) бағалау парақтарын толтырады және бірініші, екінші, үшінші орындарға ие болған Қатысушыларды көрсетеді. Қатысушыларды бағалау үшін Тапсырыс берушінің Комиссиясы үлгілік сұрақтар ретінде Бағалау өлшемдер тізбесін (3-қосымша) пайдалануы мүмкін. Кездесуге қатысқан Тапсырыс берушінің Комиссия мүшелерінің көпшілік даусын жинаған Қатысушы Жеңімпаз болып есептеледі. Дауыстар тең болған кезде Тапсырыс берушінің Комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады;

в) Жұмыс органы Тапсырыс беруші Комиссиясының отырысы өткеннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде Таңдау рәсімінің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді.

г) Жұмыс органы Тапсырыс беруші Комиссиясының отырысы өткеннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде Таңдау рәсімінің нәтижелерін Қатысушыларға жібереді.

4. Қатысушылардың ұсыныстарын қарау және Аудиторды таңдау рәсімін қорытындылау

23. Бірыңғай комиссия Қатысушылар ұсыныстарының Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкестігін қарайды.

24. Бірыңғай комиссия (Тапсырыс берушінің Комиссиясы) Қатысушылардың ұсыныстарын қарау кезінде мыналарға:

1) Қатысушылардан өтінімдерді қарау, бағалау және салыстырып тексеру үшін қажетті материалдар мен түсіндірмелерді;

2) өтінімдерде бар мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

25. Мынадай:

1) Қатысушының ұсынысында анықталған қате, жаңылыстың бар болуы;

2) Бірыңғай комиссияның (Тапсырыс беруші Комиссиясының) таңдау рәсіміне қатысуға өтінімдерді бағалауына және салыстырып тексеруіне әсер етпейтін ақпараттың (банк деректемелері, БСН, куәліктердің нөмірлері және т.б.) көрсетілмеуі;

3) Қатысушы ұсынып отырған аудиторлық қызметтердің сапасы мен бағасына әсер етпейтін өзге де фольмальды негіздер бойынша Қатысушының ұсынысынан бас тартуға жол берілмейді.

26. Бірыңғай комиссия (Тапсырыс берушінің Комиссиясы) мынадай:

1) Тәртіптің 25-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Қатысушының ұсынысы Таңдау рәсіміне қатысуға Сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеді деп танылған;

2) Қатысушы ұсынысының бағасы сатып алуға бөлінген сомадан жоғары болған;

3) Қатысушы Холдингтің сенімсіз әлеуетті жеткізулер (жеткізушілер) тізбесінде және (немесе) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болған жағдайда, Қатысушының ұсынысынан бас тартады.

27. Таңдау рәсімінің қорытындылары хаттамамен ресімделеді. Таңдау рәсімінің қорытындылары туралы хаттамаға Бірыңғай комиссияның (Тапсырыс беруші Комиссиясының) төрағасы мен барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

28. Таңдау рәсімінің қорытындылары туралы хаттамада мынадай:

1) қорытындылау жүргізілген орны мен уақыты туралы;

2) Қатысушылардың келіп түскен ұсыныстары туралы;

3) Қатысушылардың ұсыныстарынан бас тарту, бас тарту негіздері туралы;

4) Таңдау рәсіміне қатысуға Сұрау салуда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеді деп танылған Қатысушылар туралы;

5) Қатысушылардың Тәртіптің 25-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген талаптарға сәйкессіздіктері (сәйкессіздіктердің аудиторлық қызметтердің сапасы мен бағасына әсерінің болмауы себептерін негіздей отырып) туралы;

6) таңдау рәсімінің жеңімпазы туралы;

7) екінші және үшінші орындарға ие болған Қатысушылар туралы;

8) Бірыңғай комиссияның (Тапсырыс беруші Комиссиясының) қарауына қарай өзге де ақпарат қамтылуы тиіс.

29. Бірыңғай комиссия (Тапсырыс берушінің Комиссиясы) таңдау рәсімдерінің қорытындылары бойынша тиісті Уәкілетті органға қажетті шешімдер қабылдау үшін аудиторлық ұйымды белгілеу бойынша ұсынымдар береді. Бұл ретте Уәкілетті органға мынадай құжаттар:

1) таңдау рәсімінің нәтижелері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) таңдау рәсімінің қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесі;

3) Қатысушылардың қызмет көрсету туралы ресми ұсыныстарының көшірмелері ұсынылады. Таңдау рәсімін Тапсырыс берушінің Комиссиясы жүзеге асырған жағдайда, Уәкілетті органға 1, 2, 3-орындарға ие болған Қатысушылардың ресми ұсыныстарының көшірмелері ұсынылады.

30. Жүргізіліп жатқан/жүргізілген таңдау рәсімінің бұзылуы анықталған жағдайда, Бірыңғай комиссия (Тапсырыс берушінің Комиссиясы) Уәкілетті орган шешім қабылдағанға дейін таңдау рәсімінің қорытындыларын жоюға міндетті. Бұл ретте, таңдау рәсімі қайта жүргізілуі тиіс.

Егер бұзушылықтар Уәкілетті орган аудиторлық ұйымды белгілеу туралы шешім қабылдағаннан кейін анықталған жағдайда, Бірыңғай комиссия (Тапсырыс берушінің Комиссиясы) Уәкілетті органға көрсетілген шешімді қайта қарау туралы ұсыным береді.

31. Бірыңғай комиссияның (Тапсырыс беруші Комиссиясының) Жұмыс органы таңдау рәсімінің қорытындыларын жою туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы таңдау рәсімінің Қатысушыларын жазбаша түрде хабардар етуі міндетті.

32. Жүргізілетін немесе жүргізілген Таңдау рәсімдері жөніндегі құжаттар Бірыңғай комиссияның (Тапсырыс беруші Комиссиясының) Жұмыс органында сақталады.

3. Аудиторлық ұйымдарға қойылатын міндетті талаптар

33. Қазақстан Республикасының заңнамасында аудиторлық ұйымдарға белгіленген талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйым Қатысушы бола алады.

34. Конкурс қатысушыларына осы Тәртіпке сәйкес белгіленген талаптар барлық Қатысушылар үшін бірыңғай болып табылады.

35. Аудиторлық ұйым Холдингтің сенімсіз әлеуетті жеткізушілері (жеткізушілері) тізбесінде тұрса, онда оның Таңдау рәсіміне қатысуға құқығы жоқ.

36. Аудиторлық ұйым қызмет көрсетуге ресми конкурстық ұсыныстарында тиісті өтініш беру жолымен өзінің тәуелсіздігін растауы тиіс. Жұмыс органының, Бірыңғай комиссияның немесе Тапсырыс беруші Комиссиясының жеке сұрау салуы бойынша, алайда жылына бір реттен жиі емес, аудиторлық ұйым сол қызметтерді көрсетумен байланысты Қатысушының тәуелсіздігіне қауіп болмағанын негіздей отырып, Тапсырыс берушіге және оның Таңдау рәсімі өткізілетін еншілес/қауымдастырылған/бірлесіп бақылайтын ұйымдарына жыл ішінде, сондай-ақ аудиторлық қызметтерді көрсету кезең ішінде көрсетілген және көрсетіп жатқан аудиторлық емес қызметтер тізімін ұсынады.

37. Таңдау рәсімін жүргізу кезінде Бірыңғай комиссия (Тапсырыс берушінің Комиссиясы) міндетті түрде Қатысушының тәуелсіздігі мәселесі жөнінде өзінің қорытындысын шығарады. Сол қорытынды хаттамада көрсетілуі тиіс.

1-қосымша. Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салу (үлгілік)

«Самұрық-Қазына» АҚ Аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі бірыңғай комиссиясының 20___жылғы «___»_____ №___ шешімімен бекітілді

АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДЫ ТАҢДАУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСУҒА СҰРАУ САЛУ
(бұдан әрі - Таңдау рәсіміне қатысуға сұрау салу)

<Тапсырыс беруші> Сізді аудиторлық қызметтерді көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсіміне қатысуға шақырады, олардың егжей-тегжейлі сипаттамасы төменде келтірілген:

а) Тапсырыс берушілер ұсынатын және Бірыңғай комиссия немесе Тапсырыс берушінің Комиссиясы бекіткен ақпарат:

1. Тапсырыс берушілердің атаулары мен мекенжайлары.

2. Сатып алынатын аудиторлық және ілеспе қызметтер көлемінің сипаттамасы (есепті кезеңдер, аудиторлық рәсімдердің көлемі мен сипаты).

3. Аудит жүргізуге не сыртқы аудитордың шолу жүргізуіне мәлімдеген есептілікті дайындау және оның аудитін жүргізу немесе есептілікті шолу кестесінің жобасын қоса алғанда, тиісті аудиторлық есептерді шығару мерзімін көрсете отырып, қызмет көрсету мерзімі.

4. Аудиторлық ұйымның қызметтерін сатып алуға бөлінген сома ҚҚС қосқанда_____ теңгені, ҚҚС қоспағанда _____теңгені құрайды.

5. Қатысушылар қызмет көрсетуге ресми конкурстық ұсыныстарын дайындау үшін ақпаратты алу мақсатында кездесуге құқылы Тапсырыс берушілердің жауапты лауазымды тұлғаларының тізбесі мен байланыс мәліметтері.

6. Оларға қатысты аудиторлық қызмет көрсету үшін аудиторлық ұйымды таңдау рәсімі жүзеге асырылатын компаниялар туралы жалпы ақпарат төменде келтірілген. Бұл ақпаратты әлеуетті Қатысушылардың уәкілетті өкілдеріне_____мекенжай бойынша 20____жылғы «___»_____ дейін электрондық түрде немесе қағаз тасымалдағыштарда алуға болады.

Мұндай ақпарат осымен шектелмей, мыналарды:

- компания қызметінің сипаттамасын және ұйымдық құрылымын (басқарма құрылымын);
- қызметкерлер санын;
- еншілес, бірлесіп бақылайтын және қауымдастырылған ұйымдар бойынша компанияның құрылымын;

- кәсіпорынды басқару, есепке алу және есептіліктің қолданылатын ақпараттық жүйесінің қысқаша сипаттамасын;
- соңғы екі жылдағы жылдық қаржылық есептіліктің және басшылықтың жылдық есептерінің көшірмелері немесе олар жарияланған Интернет-ресурсынына сілтемені;
- барлық талап етілетін міндетті есептіліктің тізімін;
- аудит тарихы және жұмыс істейтін аудиторлардың байланыс мәліметтерін қамтуы мүмкін.

7. Үлгілік құжат (4-қосымша) негізінде қызмет көрсетуге ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптар

b) Бірыңғай комиссия немесе Тапсырыс берушінің Комиссиясы ұсынатын ақпарат:

1. Бүкіл қажетті ақпарат көрсетілген (орны, уақыты, жауапты тұлғалардың телефондары) аудиторлық ұйымды таңдау рәсімін жүргізу жоспар-кестесі;

2. Ұсынысты формат ұзақтығы немесе артықшылықтары сияқты ауызша таныстыруға қойылатын талаптар.

Әлеуетті қатысушылардан қызмет көрсетуге ресми конкурстық ұсыныстар мына _____мекенжай бойынша 20 ___жылғы «__»_____, сағат «___» ____ минут уақытқа дейін қабылданады.

2-қосымша. Бағалау парағы

Күні_____
Комиссия мүшесінің Т.А.Ә.

Таңдау рәсіміне Қатысушының мықты және нашар жақтарын сипаттаңыз, сондай-ақ жеңімпазды таңдау бойынша ұсыныстарыңызды жазыңыз.

	Мықты жағы	**Нашар жағы**	**Алған орны**
1-қатысушы			
2-қатысушы			
3-қатысушы			
N-қатысушы			

Қорытқы ұсынымдар мен түсініктер

Комиссия мүшесінің Т.А.Ә. мен қолы

3-қосымша. Бағалау (үлгілік) өлшемдердің тізбесі

Өлшемдер
1. Қызмет көрсету әдісі • Қызмет көрсету ұсынысы кешенді болып табыла ма және Тапсырыс берушінің талаптары мен қажеттіліктеріне толық көлемде сәйкес келе ме? • Қатысушының Тапсырыс берушінің мерзімдеріне сәйкес келетін нақты аудит жоспары бар ма? Серіктес пен жоба жөніндегі менеджердің уақытын қоса алғанда, аудит жүргізуге бөлінген уақыт жеткілікті ме? • Қатысушының ішкі аудитормен жұмыс жасауға біріктірілген тәсілі бар ма? • Аудиторды ауыстырудың (қолдануға болатын болса) тиімді және ұтымды жоспары бар ма? • Ұйым жаһандық біріктірілген болып табыла ма және оның әлемнің әртүрлі жерлерінде қызмет көрсету үшін ресурстары бар ма? • Қатысушының Тапсырыс берушінің негізгі бөліністері орналасқан жерлерде барабар инфрақұрылымы (кеңселер мен өкілдіктері) бар ма?
2. Жобалық команданың құзыреттілігі • Қатысушының аудит жүргізу жұмысының көлемі туралы түсінігі бар ма және оның аудит сапасы мен мерзімін қамтамасыз етуге жеткілікті ресурстары (серіктестерінің және басқа да қызметкерлерінің жеткілікті саны сияқты) бар ма? • Жобалық команданың қызметкерлердің анық айқындалған рөлдері мен міндеттері көрсетілген нақты және барабар құрылымы ұсынылды ма? • Негізгі қызметкерлердің (серіктестер мен бас қызметкерлер) аудиторлық қызметтерді көрсету үшін біліктілігі мен салалық тәжірибесі (сертификаттары және саладағы аудит тәжірибесі) бар ма? • Жоба бойынша серіктестердің немесе серіктес ретінде жұмыс істейтін тұлғалардың кемінде тең жартысы ҚР азаматтары болып табыла ма? • Фирманың салалық тәжірибесінің жан-жақты сипаттамасы мен оны растайтын құжаттар қамтылды ма және бизнестің мына түріне тән нақты сұрақтардың ықпалын түсіне ме?
3. Қызметтердің сапасы • Қатысушы ақпарат алмасуды, жұмысты үйлестіру және

	бақылауларды қоса алғанда, аудит жүргізу бойынша барабар рәсімдердің болуын көрсетті ме? Стандартты емес сыни мәселелерді шешу жолдарын көрсетті ме? • Мүдделер қақтығысын шешу бойынша барабар рәсімдердің болуын көрсетті ме? • Аудит жөніндегі комитеттермен, Тапсырыс берушінің басшылығымен және басқа да басты объектілермен әрекеттесу тетіктерін ұсынды ма? • Туындайтын тар көлемді техникалық мәселелер (жылдамдық пен сапа) жөнінде кері байланыс тетіктері қаншалықты тиімді? • Аудит жүргізу үшін мамандандырылған АТ жүйелері қолданыла ма?
4. Ниеттерінің салмақтылығы мен беделі	• Қатысушының қызмет көрсетудің өткен тәжірибесін мерзімді және сапаны сақтау жағынан қалай бағалауға (оң немесе теріс) болады? • Қатысушы бәсекелестер алдында өзінің артықшылықтарын көрсетті ме? • Қатысушының өкілдері ынта мен ынтымақтасуда аса мүдделілігін танытты ма?
5. Жұмыс уақыты және қызметтердің құны	• Жұмыс уақыты мен қызметтер құны көрсетілген жұмыс көлеміне сәйкес келе ме? • Қызметтердің құны ашық па?
6. Тәуелсіздік	• Қатысушы көрсетілетін қызметтер бойынша ұсынған тәуелсіздігінің мәлімдемесі мен растаулары объективті және жүйелі болып табыла ма? • Қатысушы аудиторлық қызметтерді көрсету барысында тәуелсіздікті сақтау және бақылау рәсімдерінің тиімділігін көрсетті ме?
7. Қосымша пайда мен қызметтер	• Қатысушы аудит жүргізу шарты шеңберінде қосыша аудиторлық емес қызметтерді ұсынды ма? • Бұл қызметтер қазіргі уақытта немесе болашақта Тапсырыс беруші үшін тартымды және қажетті бола ма? • Тапсырыс беруші аудит қызметінен өзге қосымша пайдалы әсер ала ма, қалай ойлайсыз?
8. Ұсынысты ауызша таныстыру	• Ұсыныстары көрсетілген құжаттағы негізгі идеялардың дамуы

мен растауы айқын көрсетілген, жақсы ұйымдастырылған және мәселенің мәніне қатысты болды ма?

- Таныстыру оның алдында кездесулер өткен кезде көтерілген немесе ұсынысты қарау нәтижелері бойынша қосымша мәселелерді қозғады ма?
- Таныстыруда Қатысушының Тапсырыс берушінің талаптарын, бизнесті білетіні және Тапсырыс беруші көрсеткен қызметтерден пайда алатыны байқалды ма?
- Нақты қойылған сұрақтарға жауаптар толық берілді ме және барлық баяндаушылар қаншылықты белсене қатысты?
- Қатысушылардың мәдениеті Тапсырыс берушінің мәдениетіне сәйкес келді ме және өзара түсіністік пен өзара сыйластық болды ма?

4-қосымша. Ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптар (үлгілік)

Міндетті түрде мыналарды:

- Қатысушының Тапсырыс беруші мен онымен байланысты кез келген тараптарынан тәуелсіздігін растауын және негіздемесін;
- ресми конкурстық ұсыныстың тиісті тараулар мен беттеріне сілтемелерді көрсете отырып, ресми конкурстық ұсынысқа қойылатын талаптарына сәйкес келу кестесін;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2012 жылғы 13 қарашадағы №490 бұйрығында немесе аудиторлық ұйымдарға аудит жүргізу бойынша талаптарды реттейтін өзге де құжаттарда көрсетілгенміндетті аудитті жүргізу бойынша аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәкестігінің растауын ұсыну қажет.

Қатысушының қарауына қарай, ресми конкурстық ұсынысқа өзге де пайдалы ақпарат қосылуы мүмкін.

1. **Аудит бойынша қызмет көрсету үшін ресурстар**

Мынадай тармақтар бойынша толық ақпаратты ұсыныңыз:

- Жоба жөніндегі жұмыс тобының ұсынылған құрамы, оның ішінде жетекші серіктестер мен менеджерлер;
- тапсырманы орындауда олардың рөлі мен міндеттері;
- сондай клиенттердің аудитін жүргізу бойынша тәжірибесін қоса алғанда, тиісті тәжірибесі;
- әрбір жоба жетекшісінің жобаға жылына бөлетін уақытының сағат көлемі;
- аудиторларды ауыстыруды жоспарлауға және жоба бойынша жұмыс істейтін персоналдың сабақтастығына қатысты міндеттемелер
- қызметкерлердің кәсіптік дамуына қатысты міндеттемелер;
- ұсынылатын қызметтердің басқа ресурстары және толық сипаты;
- жергілікті кеңселердің тізімі мен қамтылуы.

2. **Біліктілік**

Мынадай тармақтар бойынша толық ақпаратты ұсыныңыз:

- салалық тәжірибе, оның ішінде ұқсас көлемдегі клиенттерге қызмет көрсетудің практикалық тәжірибесі;
- осы саладағы негізгі клиенттердің тізбесі;
- Тапсырыс беруші өз қызметін атқарып отырған салада қызмет көрсетуге фирманың қатысу көлемі мен мүдделілігі.

3. **Аудит жүргізу тәсілі**

Мынадай тармақтар бойынша толық ақпаратты ұсыныңыз:

- Тапсырыс берушінің ерекшеліктеріне және талаптарына қатысты аудит әдіснамасы мен стратегиясы;
- Жұмысты үйлестіру және бақылаулар;
- Аудит жүргізудің мерзімі;
- Аудит жөніндегі комитет басшылығымен және мүшелерімен жұмыс жасау тәсілдері;
- Ішкі аудит қызметтерімен (болған жағдайда) өзара әрекеттесу тәсілдері;
- есеп бойынша күрделі және стандартты емес техникалық мәселелерді шешу тәсілдері мен әдістері;
- аудит нәтижелілігін тұрақты түрде жетілдіру және арттыру бойынша міндеттемелер.

4. Аудиторларды ауыстыру

Қолдануға болатын болса, аудиторларды ауыстыру жоспарын, атап айтқанда алдындағы аудиторлық тексерулер нәтижелерімен танысу рәсіміне қойылатын талаптар және үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар.

5. Қызметтердің сапасы мен мүдделер қақтығысы

Мынадай тармақтар бойынша толық ақпаратты ұсыныңыз:

- Қызметтер сапасын қамтамасыз ету және клиентпен қарым-қатынастарды басқару бойынша жалпы тәсіл;
- әлеуетті шиеленістер және оларды шешу жолдары (тікелей бәсекелестер үшін орындалатын жұмыс сипаттамасын қоса алғанда);
- серіктестерді алмастыру және жобалық команда мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау міндеттемелері мен жолдары;
- сапаны бақылау және клиенттің қанағаттануын бағалау жүйесінің сиаттамасы.

6. Жұмыс уақыты мен қызметтер құны

Қызметтердің құны жеке құжатта ұсынылады және мынларды қамтуы тиіс:

- Ұсынылған аудиторлық қызметтер мен міндетті және басқа есептіліктің аудиті жөнінде қызметтер бойынша адам-сағат саны және тіркелген ставкалар;
- бірінші және кейінгі жылдарғы аудит құнын айқындау тетігі;
- қызметтер құнын қалькуляциялау әдісі;
- шот бойынша төлеудің ұсынылған кестесі, сондай-ақ бұл процестің икемділігі.

7. Аудиторлық қызметтер шеңберіндегі өзге де қосымша қызметтер

- аудиторлық қызметтер шеңберінде ұйым үшін әлеуетті қызығушылық тудыратын өзге де қызметтерді көрсету үшін бар тәжірибе мен ресурстарды сипаттаңыз.